Ресми рецензент заң ғылымдарының кандидаты Алдашев Сарсенгали Мирзалиновичтің
«8Д04201 – Құқықтану» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған
Белхожаева Динара Жомартовнаның «Қазіргі кезеңдегі Қазақстан Республикасының ЖОО-дағы оқытушылардың еңбегін құқықтық реттеу» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына жазбаша
ПІКІРІ

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 20 сәуірдегі № 172 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің 2023-2027 жылдарға арналған даму жоспары, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған Тұжырымдамасы және Қазақстан Республикасы Президентінің 2024 жылғы 30 шілдедегі № 611 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2029 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспарының мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес жүзеге асырылған. «Қазіргі кезеңдегі Қазақстан Республикасының ЖОО-дағы оқытушылардың еңбегін құқықтық реттеу» тақырыбындағы осы жұмыс Қазақстан Республикасының 2029 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспарының бағыттарына сәйкес келеді. Атап айтқанда, жоғары білікті оқытушылар құрамын қалыптастыру, дарынды мамандардың қызметін ынталандыратын тартымды орта құру және оқыту мен зерттеуде жоғары нәтижелерге қол жеткізетін оқытушыларды көтермелеу жүйесін енгізу мәселелері жұмыстың негізгі басымдықтары ретінде қарастырылады. Докторант Белхожаева Динара Жомартовнаның ұсынылып отырған жұмысы докторантурада «8D042» - құқық және заң

			ғылымының тармақтарында «6D030100, 8D04203 – Құқықтану» дайындау бағыттарына сәйкес келеді.
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға *елеулі үлесін қосады*/қоспайды, ал оның маңыздылығы *ашылған*/ашылмаған.	Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасының заң ғылымына *елеулі үлес қосады* және оның ғылыми маңыздылығы тереңдетіліп *ашылған.* Ізденушінің жеке үлесі докторанттың жарияланған еңбектерінде заңнаманы жетілдіруге қатысты ұсыныстары арқылы көрінеді, бұл ұсыныстар ғылыми нәтижелерді алу барысында расталып, ізденушінің дербес зерттеу жүргізу, талқылау және қорытынды жасау қабілетін көрсетеді.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) *жоғары;* 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Докторанттың жарияланған мақалалары негізінде диссертациялық жұмыстың жазылу деңгейі *жоғары* деп бағаланады. Диссертанттың ғылыми жұмыстарды жазу стилі өзіне тән, дербес және өзгеше болып табылады. Жұмыс жазу деңгейі жағынан жоғары сапалы, ал оның мазмұнындағы сипатталған мәселелер толық және терең түрде ашылған. Бұл ғылыми зерттеу Қазақстанда алғаш рет ұсынылып отырған жұмыс болып табылады.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) *негізделген;* 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертациялық жұмыстың өзектілігі заманауи талаптарға сәйкес *негізделген*. Жоғары білім мен ғылымды дамытудың мемлекеттік реформалары білім жүйесіне халықаралық стандарттарға сәйкес түбегейлі жаңартулар енгізуді талап етеді. Бұл реформалар қоғамда теориялық және практикалық дайындығы жоғары, ғылыми-техникалық прогресті жеделдетуге ықпал ететін қуатты академиялық ортаны қалыптастыру қажеттілігімен үйлеседі. Осыған орай, жоғары білім саласындағы еңбек қатынастарын реттеу мәселелері, әсіресе оның трансформациясы жағдайында, қазіргі уақытта өзектілігін сақтап отыр. Бұл зерттеу еңбек құқығы ғылымына маңызды үлес қосып, болашақта оның дамуына септігін тигізетін ғылыми жұмыстардың бірі болып табылады.

		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) *айқындайды;* 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	Ғылыми жұмыстың мазмұны диссертацияның тақырыбын *айқындайды*. Жұмыстың негізгі бөлімдерін құрайтын жоғары оқу орындарындағы академиялық орта еңбегін реттеу, оқытушылардың ерекше әлеуметтік-еңбек мәртебесі, конкурстық орналастыру тәртібі, еңбек шартын жасау, өзгерту және тоқтату рәсімдері, жұмыс уақыты мен тынығу уақытын ұйымдастыру, еңбекті нормалау және еңбекақы төлеудің ерекшеліктері, сондай-ақ жоғары оқу орындарының дербестігі жағдайында оқытушылар еңбегін қорғауды қамтамасыз ету тетіктері таңдалған тақырыптың толық ашылуын қамтамасыз етеді.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) *сәйкес келеді;* 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	Ғылыми жұмыстың мақсаты мен міндеттері диссертациялық тақырыппен толық *сәйкес келеді.* Жұмыс жоғары мектеп оқытушыларының мәртебесінің ұлттық құқықтық моделін қалыптастыру үшін профессор-оқытушылар құрамының әлеуметтік-еңбек жағдайын кешенді талдау, осы саладағы проблемаларды, кемшіліктер мен олқылықтарды анықтау, Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі мен Білім туралы Заңының негізінде олардың ережелерін іске асырудың қазіргі жағдайы мен болашақ перспективаларын бағалау және профессор-оқытушылар құрамының еңбегін реттеудің құқықтық тетіктерін жетілдіру жөнінде қорытындылар, ұсыныстар мен тұжырымдар әзірлеуді *мақсат* етеді. Осы мақсатқа жету үшін автор келесі *міндеттерді* орындауды көздеді: - Жоғары білім саласында еңбек қатынастарын реттейтін нормативтік құқықтық актілердің мәні мен рөлін анықтау; - Қазақстанның жоғары мектеп оқытушыларының мәртебесі туралы ұлттық заңнаманың негіздерін қалыптастыру; - Профессор-оқытушылар құрамының лауазымдарын конкурстық орналастыруды ұйымдастыру тәртібін айқындап, тиісті ұсынымдар әзірлеу;

			- Профессор-оқытушылар құрамымен еңбек шартын жасау, өзгерту және тоқтату практикасын талдау, сондай-ақ қорытынды тұжырымдар жасау; - Оқытушылардың жұмыс уақыты мен тынығу уақытының ерекшеліктерін зерттеу; - Профессор-оқытушылар құрамының еңбегін нормалау және еңбекақы төлеу тәжірибесін талдау; - ЖОО-ның дербестігі жағдайында оқытушылар еңбегін реттеудің құқықтық тетіктерін жетілдіруге бағытталған ғылыми негізделген ұсыныстар мен тұжырымдар әзірлеу.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) *толық байланысқан;* 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ	Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылымы логикалық тұрғыдан *толық үйлесімді және өзара байланысқан.* Жұмыс үш негізгі бөлімнен тұрады, олар бір-бірімен терең байланысып, зерттеудің негізгі мақсаттарына қызмет етеді. Автор Қазақстанның білім беру саласындағы реформалар аясында академиялық ортаның қазіргі әлеуметтік-еңбек мәртебесін, оның негізгі мәселелерін және болашақ даму бағыттарын кешенді салыстырмалы-құқықтық зерттеу негізінде талдай отырып, Қазақстандағы жоғары оқу орындары мен оқытушылар арасындағы еңбек қатынастарының пайда болуы, өзгеруі және тоқтатылуына қатысты құқық қолдану тәжірибесінің ерекшеліктерін анықтады. Сонымен қатар, жоғары оқу орындарының дербестігі жағдайында профессор-оқытушылар құрамының еңбек құқықтарын қорғаудың құқықтық тетіктерін жетілдірудің негізгі тенденцияларын айқындады.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) *сыни талдау бар;* 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа	Докторант ұсынған жаңа шешімдердің (қағидаттар мен әдістер) көпшілігі дәстүрлі шешімдермен салыстырғанда жақсы негізделген және объективті түрде бағаланады. Диссертация зерттеу тақырыбы аясында теориялық, тәжірибелік және әдіснамалық жетістіктерге егжей-тегжейлі талдау жасап, олардың тиімділігін көрсетеді. Доктриналық және құқықтық талдауды ұлттық статистика мен

		авторлардың сілтемелеріне негізделген	әлеуметтанулық зерттеулердің эмпирикалық деректерімен үйлестіре отырып, зерттеу Қазақстандағы академиялық орта еңбегінің қазіргі жағдайы мен болашақ бағыттары туралы кешенді көзқарас қалыптастырады. Жұмыста Қазақстанның жоғары мектеп оқытушыларының мәртебесін арттыруға және олардың әлеуметтік-еңбек кепілдіктерін қамтамасыз ететін концептуалдық ережелердің ұлттық моделін қалыптастыру бойынша авторлық ұсыныс толық және негізделген түрде көрсетілген. Білім жүйесін жаңғырту және жоғары білім мен ғылымды дамыту саласындағы бұрын жүргізілген мемлекеттік реформаларды бағалауда *сыни талдау* әдісі қолданылды.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) *толығымен жаңа;* 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар *толығымен жаңа* болып табылады. *1-Қағидат.* Жоғары білім саласындағы еңбек қатынастарын құқықтық реттеу нысаналарын регламенттеу кезінде орталықтандырылған, жергілікті, корпоративтік және шарттық әдістердің үйлесімділігін қамтамасыз ету қажеттілігін айқындайды. *2-Қағидат.* Бұл ұсынысқа сәйкес, академиялық еңбек қатынастарын реттейтін арнайы заңнамалық ережелердің Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 12-тарауында көрініс табуы оқытушылардың еңбегін ұйымдастыру мен қорғауды жақсартуға ықпал етеді. *3-Қағидат.* «Жоғары мектеп оқытушыларының мәртебесі туралы» Заңы (Жоба) академиялық ортаның мәртебесін күшейтуге, сондай-ақ оқытушылардың әлеуметтік-еңбек кепілдіктерін қамтамасыз ететін концептуалдық ережелердің ұлттық моделін қалыптастыруға негіз бола алады. *4-Қағидат.* Бұл ұсыныс жұмыс берушілердің еңбек заңнамасы талаптарын сақтауға ықпал етіп, еңбек құқықтарының бұзылуын болдырмауға бағытталған. *5-Қағидат.* Зерттеу ұсыныстары жоғары білім беру сапасын арттыруға және ғылыми әлеуетті дамытуға жағдай жасайды.

			6-Қағидат. Оқытушылардың үздіксіз кәсіби дамуын құқықтық тұрғыдан ынталандыру оқыту сапасының жақсаруына және әлемдік білім беру үрдістеріне сәйкестікті қамтамасыз етуге ықпал етеді. *7-Қағидат.* ЖОО-ның дербестігі жағдайында профессор-оқытушылар құрамының еңбегін басқарудың икемділігі мен әлеуметтік жауапкершілік арасындағы тепе-теңдікті сақтауға мүмкіндік береді.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) *толығымен жаңа;* 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертацияның қорытындылары *толығымен жаңа* болып табылады. Бұл зерттеу алдыңғы ғылыми жұмыстарға сүйене отырып, жан-жақты аналитикалық база негізінде жаңа идеялар ұсына отырып, Қазақстандағы академиялық еңбек қатынастарын түсінуді тереңдетеді. Құқықтық, әкімшілік және эмпирикалық аспектілердің интеграциясы Қазақстанның жоғары білім жүйесін жетілдіруге бағытталған ұсынымдар үшін сенімді теориялық негіз қалыптастырады. Зерттеу тек бар әдебиеттегі олқылықтарды толықтырып қана қоймай, сонымен қатар жоғары білім саласындағы тез өзгеріп отырған жағдайларға бейімделген оқытушылардың мәселелеріне жаңа тәжірибелік шешімдер ұсынады.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) *толығымен жаңа;* 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	*Толығымен жаңа.* Диссертациялық жұмыстың ғылыми жаңалығы Қазақстандық еңбек құқығы ғылымында алғаш рет Қазақстан Республикасының еңбек және білім туралы заңнамасын ескере отырып, жоғары оқу орындары оқытушыларының мәртебесін реттейтін арнайы заңнаманы іс жүзінде жүзеге асырудың теориялық және практикалық аспектілеріне кешенді әрі жүйелі талдау ұсынылғандығында жатыр. Бұл жұмыс аталған тақырып бойынша жасалған алғашқы монографиялық зерттеулердің бірі болып табылады.

6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	*Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген*/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары боынша)	Диссертациялық жұмыстың негізгі барлық қорытындылары ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде *негізделген.* Диссертацияның негізгі теориялық идеялары, қорытындылары мен тәжірибелік ұсынымдары ғылыми еңбектер мен нормативтік құжаттардан бастау алады, ғылыми қорытындылар жұмыс мазмұнындағы мәселелерді реттеуге тікелей қатысты құқық қолдану тәжірибесінің нәтижелерін байланыстыратын эмпирикалық деректерін талдаулар негізінде алынған.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) *дәлелденді;* 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) *жоқ* 7.3 Жаңа ма? 1) *ия;* 2) жоқ 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) *кең* 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) *ия;* 2) жоқ	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар жұмыста толықтай *дәлелденген.* 1-Қағидат. Қазақстанның қазіргі кезеңіндегі ЖОО-ның дербестігі жағдайында оқытушылар еңбегі құқықтық институтының әдісін сипаттайтын негізгі белгілері: *еңбек қатынастары мен оларға тікелей байланысты мәселелерді реттеуде императивті және диспозитивті нормалардың үйлесімі; құқықтық реттеу нысаналарын анықтауда орталықтандырылған, жергілікті, корпоративтік және шарттық әдістердің үйлесімі; қоғамдық қатынастарды реттеу барысында әлеуметтік әріптестік тараптарының өкілдерін тарта отырып, әлеуметтік-әріптестік келісімдер мен ұжымдық шарттарды пайдалану арқылы іске асыруды* қамтиды. 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) *дәлелденді;* 7.2 Тривиалды ма? 2) *жоқ* 7.3 Жаңа ма? 1) *ия;* 7.4 Қолдану деңгейі: 3) *кең* 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) *ия;*

			2-Қағидат. Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде профессор-оқытушылар құрамының еңбек қатынастарын ұйымдастыруға қатысты нақты ережелердің болмауы жұмыс күшінің сипаттамаларын толық көлемде көрсетпейді. Осы негізде, осы санаттағы жұмыскерлердің еңбегін реттеу үшін *Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 12-тарауына 146-2–бап. «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымында оқытушылар (профессор-оқытушылар құрамы) еңбегін реттеу ерекшеліктері» арнайы бап енгізуді және бапта: педагогикалық қызметтің біліктілік талаптары мен негіздері; педагог қызметкерлерді жұмыстан шеттету ерекшеліктері; оқытушылармен еңбек шарттарын жасасу, өзгерту және оны бұзу тәртібі; жұмыс уақытының ұзақтығы және оқу жүктемесін анықтау тәртібі; демалыстың ұзақтығы және еңбек құқықтарын қорғаудың өзге де ерекшеліктерін қамту ұсынылады.* 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) *дәлелденді;* 7.2 Тривиалды ма? 2) *жоқ* 7.3 Жаңа ма? 1) *ия;* 7.4 Қолдану деңгейі: 3) *кең* 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) *ия;* 3-Қағидат. Қазіргі таңда ЖОО-дағы оқытушылар мәртебесінің құқықтық бекітілуі жүйесіз сипатта, бұл заңнамалық реттеудің толық емес әрі шашыранқы екендігін көрсетеді. ЖОО-ның ішкі актілерінде заңнамаға қайшы нормалардың болуы, кәсіподақтардың жұмысшылардың мүдделерін қорғаудағы әлсіздігі және қабылданатын ішкі актілердің қызметкерлермен алдын ала келісілмеуі орталықтандырылған реттеудің

			қажеттілігін айқындайды. Осыған байланысты, *Қазақстан Республикасында «Жоғары мектеп оқытушыларының мәртебесі туралы» заңды қабылдау* қажет деп есептеледі, және осы мақсатта дайындалған *Заң жобасының Тұжырымдамасы ұсынылады.* 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) *дәлелденді;* 7.2 Тривиалды ма? 2) *жоқ* 7.3 Жаңа ма? 1) *ия;* 7.4 Қолдану деңгейі: 3) *кең* 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) *ия;* 4-Қағидат. Әрбір ЖОО-ның профессор-оқытушылар құрамы және ғылыми қызметкерлерін лауазымдарға конкурстық орналасуы нәтижесі бойынша еңбек шартын жасасу, өзгерту және оны бұзу тәртібінің құқық қолдану тәжірибесінде орын алған қателіктер, атап айтқанда, бір оқытушыны бір орынға екі реттен артық жұмысқа қабылдау тәжірибесінің бақылаусыз және шексіз болуы, бұл еңбек шартының белгілі бір мерзімге ұзарту ережесінің бұзылуына әкеп соқтырады. Тәжірибеде жұмыс берушілердің педагогикалық және ғылыми қызметкерлермен (ПОҚ) белгілі бір мерзімге еңбек шартын жасау, оны өзгерту және ұзарту кезінде еңбек заңнамасының талаптарын тиісті түрде сақтамау фактілері байқалады. Бұл жағдай еңбек заңнамасының бұзылуына және еңбек қатынастарына байланысты құқықтық талаптардың орындалмауына әкеп соқтырады. Нәтижесінде, еңбек заңнамасының нормаларының бұзылуы анықталып, оларды жою мақсатында әкімшілік жауапкершілік қолданудың қажеттілігі туындайды.

			Осы негізде, *Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне 10-тарауына «86-1-бап. Жұмыс берушінің еңбек шартын жасасу, оны өзгерту және ұзарту мерзімдерін сақтамауынан көрінетін еңбек заңнамасын бұзу» арнайы бап енгізу ұсынылады.* 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) *дәлелденді;* 7.2 Тривиалды ма? 2) *жоқ* 7.3 Жаңа ма? 1) *ия;* 7.4 Қолдану деңгейі: 3) *кең* 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) *ия;* 5-Қағидат. ҚР «Білім туралы» Заңының 52-бабы 7-тармағымен ПОҚ-ның жылдық оқу жүктемесін жұмыс уақытының жылдық нормасы шегінде бекітеді. Алайда, бұл тәсіл білім беру процесінің талаптарына сай емес деуге болады. Заңнаманың осы аспектісі оқу жүктемесінің тек жұмыс уақытына қосылуымен шектелуін қарастырады, бұл оқу үрдісінің жан-жақтылығын және ПОҚ-ның кәсіби дамуын толық қамтымайды. Осылайша, ПОҚ-ның жылдық жұмыс уақытына оқу жүктемесін енгізу жеткіліксіз, себебі бұл олардың кәсіби қызметінің кешенділігін ескермеуге алып келеді. Бұл мәселелер заңнамалық түзетулер енгізуді қажет етеді. Осы орайда, оқытушылардың ғылыми нәтижелеріне қатаң талаптар қоя отырып, профессор-оқытушылар құрамының аудиториялық жүктемесін батыс университеттерінің стандарттарына сәйкестендіруді, *профессор-оқытушылар құрамының лауазымдары шегінде оңтайлы аудиториялық жүктемесін белгілеуді ұсынады.* 7.1 Қағидат дәлелденді ме?

			1) *дәлелденді;* 7.2 Тривиалды ма? 2) *жоқ* 7.3 Жаңа ма? 1) *ия;* 7.4 Қолдану деңгейі: 3) *кең* 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) *ия;* 6-Қағидат. Оқытушылардың үздіксіз кәсіби дамуын құқықтық тұрғыдан ынталандыру ұлттық жоғары білім беру жүйесінің бәсекеге қабілеттілігін арттырудың маңызды алғышарты болып табылады. Алайда, қазіргі заңнамалық реттеу оқытушыларды тұрақты түрде біліктілігін арттыруға және кәсіби өсуге жеткілікті ынталандыруды қамтамасыз етпейді. «Білім туралы» Заңында бекітілген тәртіп бойынша, ЖОО оқытушыларының біліктілігін арттырудың мерзімі төрт айдан аспайтын және бес жылда кемінде бір рет жүргізілуі қажет, алайда осы құқықты жүзеге асыруға қатысты пәрменді кепілдіктердің жоқтығы байқалады. Осы жағдайға орай, *үздіксіз білім беруді қолдаудың тиімді құқықтық тетіктерін енгізу* оқыту сапасын жақсартуға және әлемдік білім беру үрдістеріне сәйкестікті қамтамасыз етуге ықпал етеді. 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) *дәлелденді;* 7.2 Тривиалды ма? 2) *жоқ* 7.3 Жаңа ма? 1) *ия;* 7.4 Қолдану деңгейі: 3) *кең* 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) *ия;*

			7-Қағидат. Құқықтық реттеу деңгейінің төмендігі және мемлекеттік бақылау жүйесінің жоқтығы жағдайында ЖОО-ның дербестігі көбінесе қызметкерлердің әлеуметтік құқықтарын қамтамасыз ету емес, экономикалық тиімділікке басымдық беруіне әкеледі, бұл өз кезегінде әлеуметтік әділеттілік қағидаттарына қайшы келіп, оқытушылар құрамының уәждемесін төмендетеді. Осыған байланысты, *ЖОО-ның ішкі ережелері, ұжымдық шарттар және әлеуметтік-әріптестік келісімдермен бірге мемлекеттік бақылаудың тиімді жүйесін қалыптастыру қажет.* Мұндай жүйе еңбек құқықтарының бұзылуын алдын алу механизмдерін және оларды жою процестерін қамтуға, өз кезегінде басқарудың икемділігі мен әлеуметтік жауапкершілік арасындағы тепе-теңдікті сақтауға мүмкіндік береді. 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) *дәлелденді;* 7.2 Тривиалды ма? 2) *жоқ* 7.3 Жаңа ма? 1) *ия;* 7.4 Қолдану деңгейі: 3) *кең* 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) *ия;*
8.	Дәйектілік қағидаты Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1*) ия;* 2) жоқ	Диссертациялық зерттеуде ғылыми әдістеме жұмыс мазмұнына сәйкес келеді және *негізделген.* Бұл зерттеудің әдістемесі зерттеу қызметінің жүйелі және логикалық дәйектілігін қамтамасыз етуде нақты *жазылған.* Автормен қойылған мақсат пен міндеттерді шешу үшін зерттеу әдістерінің кешені пайдаланылды: теориялық (зерттеу мәселесі бойынша философиялық, педагогикалық, психологиялық, құқықтық әдебиеттер, доктриналық монографияларды талдау; нормативтік-құқықтық құжаттарды салыстырмалы талдау;

			ұғымдары зерделеу; ретроспективті, оқиғалық және факторлық талдау, синтездеу); диссертациялық зерттеу барысында жалпы ғылыми әдістер, атап айтқанда жүйелі тәсіл, әлеуметтану - нормативтік-құқықтық актілерді қолдану тәжірибесін жалпылау кезінде қолданылды; диссертацияның негізі заң ғылымдары үшін дәстүрлі формальды-логикалық (техникалық-құқықтық, арнайы-құқықтық) әдісмен қатар жеке ғылыми әдістер де қолданылған: логикалық, статистикалық, салыстырмалы-құқықтық және т.б.; зерттеудің негізгі әдісі ЖОО-дағы оқытушылар еңбегін реттейтін нормативтік құқықтық құжаттарды контент-талдау болып таңдалған; сондай-ақ эмпирикалық (сауалнамалар, ЖОО-дағы ПОҚ-ның кәсіптік білім беру қызметінің барысы жайлы сұхбаттары) әдістер қолданумен еркшелінеді.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) *ия;* 2) жоқ	*Ия.* Диссертациялық жұмыстың нәтижелері компьютерлік технологиялар арқылы ғылыми зерттеулердің заманауи әдістерін, сондай-ақ деректерді өңдеу мен интерпретациялау әдістемелерін пайдалану арқылы алынған. Бұл нәтижелер заманауи технологиялардың қолданылуының тиімділігін көрсетіп, ғылыми жұмыста айқын көрініс тапқан.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) *ия;* 2) жоқ	*Ия.* Ғылыми жұмыстағы теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған. Эмпирикалық талдау барысында Қазақстанның ірі жоғары білім беру орталығы – Алматы қаласындағы университеттің факультетіндегі еңбек қатынастары зерттеу объектісі ретінде таңдалып, жұмыскерлердің жұмысқа қанағаттануы, жұмыс ортасы және жұмыспен қамту тенденцияларына қатысты деректерді жинау мақсатында офлайн және онлайн сауалнамалар жүргізілген. Сауалнамада қамтылған әрбір сұрақ сипаттамалық талдау әдісі арқылы негізгі түсініктерді

			қалыптастыру, олардың арасындағы өзара байланысты анықтау үшін корреляциялық зерттеу әдістері және ұсынылған құқықтық және әкімшілік шаралардың тиімділігін бағалау үшін эксперименттік әдістер қолданылған.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен *расталған*/ішінара расталған/расталмаған	Ғылыми жұмысты жазу барысында маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен *расталған*. Ғылыми жұмыстың ерекшелігі зерттеу барысында халықаралық құжаттар мен отандық нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ соңғы жылдардағы отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми еңбектеріне сілтемелердің пайдалануында көрініс табады.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға *жеткілікті*/жеткіліксіз	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға *жеткілікті* болып табылады.
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) *ия;* 2) жоқ	*Ия.* Диссертант ұсынған жұмыс теориялық тұрғыдан маңызды болып табылады. Автордың қол жеткізген нәтижелері мен қорытындылары еңбек құқығы ғылымының дамуындағы жаңалықтарды толықтырып, сондай-ақ қазіргі еңбек құқығы жүйесі мен білім туралы заңнамасы аясында ЖОО-ның дербестігі жағдайында оқытушылардың еңбегін реттеудің құқықтық механизмдерін жетілдірудің бірқатар өзекті мәселелерін одан әрі ғылыми зерттеу үшін негіз қалайды.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) *ия;* 2) жоқ	*Ия.* Диссертацияның практикалық маңызы зор, ал алынған нәтижелерді іс жүзінде қолдану мүмкіндігі жоғары. Автор ЖОО-ның дербестігі жағдайында академиялық орта еңбегін реттеуде мемлекеттік реформаларды жүзеге асыру мен жоғары білім мен ғылымды дамыту саласындағы зерттеу нәтижелерін қолдану мүмкіндіктері жұмыстың жоғары практикалық маңыздылығын көрсетеді. Зерттеу нәтижелері заң шығарушы орган, сондай-ақ академиялық дербестігі бар ЖОО мен ғылыми-зерттеу ұйымдары тарапынан білім және еңбек заңнамаларын жетілдіру процесінде қолданылуы мүмкін.

			Сонымен қатар, біліктілікті арттыру институттарының қызметінде, сондай-ақ персоналды басқару (кадрлық қызмет) жүйесінде практикалық құрал ретінде пайдаланылуы ықтимал.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) *толығымен жаңа;* 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Практикалық ұсыныстар *толығымен жаңа* болып табылады. Диссертациялық зерттеу нәтижесінде алынған ережелер мен қорытындылар мемлекеттің жоғары білім мен ғылымды дамыту саясатын қалыптастыруда, сондай-ақ Қазақстанның жоғары оқу орындарында еңбек құқығы пәні мен арнайы курстарды оқытуда кеңінен қолданылуы мүмкін. Бұған дейін ғылыми әдебиеттерде қаралмаған ұсыныстар диссертанттың ұсынуымен алғаш рет ғылыми тұрғыдан негізделген.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) *жоғары;* 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Академиялық жазу сапасы *жоғары*. Автор ғылыми стильде сөйлем құрылымының қалыпты тәртібін және тіл нормаларын қатаң сақтаған. Жұмыста орфографиялық және грамматикалық қателіктер байқалмайды. Диссертациялық жұмыстың рәсімделуі іс жүзінде барлық талаптарға сәйкес орындалған.
11.	Диссертацияға ескертулер		Диссертацияның мазмұны бойынша ескертулер мен ұсыныстар: 1. Диссертация авторы шетелдік құқықтық ой-пікірлерде академиялық ортада еңбек қатынастарын басқарудың әртүрлі концепцияларын талдай отырып, бұл көзқарастарға қатысты өзінің субъективтік сыни немесе қолдайтын ұстанымдарын нақты байқамадық. 2. Диссертациялық жұмыста шетелдік ғылыми дереккөздерге көп сілтемелер жасалғанымен, бұл жұмыс сапасына кері әсерін тигізбейді. Аталған ескертулер диссертациялық зерттеудің мазмұнынан төмендетпейді және ұсынымдық сипатқа ие.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар		Диссертацияның негізгі теориялық идеялары, қорытындылары мен тәжірибелік ұсынымдары 20 ғылыми мақалада баяндалған, оның ішінде – 1 мақала - Scopus дерекқорында индекстелетін халықаралық басылымдарда; 5 мақала – комитет ұсынған

	сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін деңгейін зерделейді)		ғылыми басылымдарда; 6 мақала - халықаралық конференциялар материалдарында, оның ішінде 1 мақала - шетелдік конференциялар материалдарында; 6 мақала - өзге де отандық басылымдарда; сондай-ақ «Қазақстан Республикасының Еңбек құқығы» оқу-әдістемелік құралы жарық көрген. Зерттеу нәтижелерін оқу үрдісіне енгізу үшін «Педагог қызметінің құқықтық негіздері» оқу пәні әзірленіп, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің білім беру бағдарламасына Енгізу актісімен енгізілді.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		Белхожаева Динара Жомартовнаның «8Д04201 – Құқықтану» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге болады.

Ресми рецензент:
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
азаматтық құқық және азаматтық іс жүргізу,
еңбек құқығы кафедрасының аға оқытушысы,
заң ғылымдарының кандидаты _____ **С.М. Алдашев**

РАСТАЙМЫН
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Ғылыми кадрларды
даярлау және аттестаттау басқармасының басшысы
ЗАВЕРЯЮ
Начальник управления подготовки и аттестации
научных кадров КазНУ им. аль-Фараби
«____» _____ 20____ ж.

ӘЛ-ФАРАБИ
БИН
990140001154